

**Кагазбекова С.Б.<sup>1</sup>, Затов К.А.<sup>2</sup>, Әділбаева Ш.А.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, e-mail: kairat\_1966@list.ru

<sup>3</sup>PhD, қауымд.проф., e-mail: shamshat\_nmu@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ӘЛЕМДІК ДІНДЕР КОНТЕКСТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ СТАТУСЫ:  
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Мақалада әлемдік дін контекстеріндегі әйел статусына салыстырмалы түрде талдау жасалады. Христиан дінінің киелі кітабы Таураттағы, Буддизм дәстүріндегі әйелге деген қарым-қатынас пен Ведалардағы әйелдің орны және Ислам дініндегі әйел мәртебесі жеке-жеке талқыланып, әр дінде көрсетілген әйел статусының кемшіл және артық тұстары тұжырымдалады. Әлемдік діндердің мәтіндерінде келетін әйел мен еркек теңдігі қозғалады. Діндегі әйел мәселесі қазіргі кездегі актуалды тақырыптардың бірі және өзекті болып қала бермек. Осылайша, дәстүрлі діндер әйелді адамзат тарихындағы ұрпақ жалғастырудағы ерекше миссиясы, терең сүйіспеншілік және жанқиярлық, махаббат пен даналық қабілеттері үшін құрмет тұтады. Әлем құрылымының тұжырымдамасында әйел бірінші кезекте ана және қыз, әйел және әпке, отбасы ұйытқысы, қоғам қайраткері. Жалпы алғанда, әйелдердің мәртебесі, әсіресе дін контекстерінде, әрбір қоғам және барлық уақытта өте маңызды болды. Әрбір дін отбасындағы, қоғамдағы әйелдердің рөліне және оның құқықтары туралы көзқарасын білдірген. Тиісінше, бұл тақырып заманауи қоғам үшін өте маңызды.

**Түйін сөздер:** дін, әйел, діндегі әйел орны, гендер, христиан, буддизм, ислам.

Kagazbekova S.B.<sup>1</sup>, Zaton K.A.<sup>2</sup>, Adilbayeva Sh.A.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD student, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

<sup>2</sup>PhD doctor, professor, e-mail: kairat\_1966@list.ru

<sup>3</sup>PhD, associate professor e-mail: shamshat\_nmu@mail.ru

Egyptian university of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

**Status of women in the contexts of world religions: comparative analysis**

This article deals with the comparative analyses of the status of women in the context of world religions. The status in Holy Book of Christianity, and in the Buddhist tradition and the position of the woman in the Vedas and in Islam are discussed separately. Also the advantages and disadvantages of the woman's status in every religion. The equality of men and women in the contexts of world religions are described in the article.

The theme of a woman in religion has been and continues to be relevant today. So, the basic and traditional religions revere a woman for her special mission in the history of the human race, for deep spirituality and selflessness, for the divine gift of love and wisdom. The woman is first of all, mother and daughter, wife and sister, keeper of the hearth and public figure, which can be traced in the concept of the organization of the world. In general, the question of the status of women, especially in the context of religion, in every society and in all eras, was of great importance. Each religion expressed its attitude towards the role of women in the family, society, and about her rights. Accordingly, this topic is relevant and practically meaningful for modern society.

**Key words:** Religion, Woman, woman in religion, Gender, Christianity, Buddhism, Islam.

Кагазбекова С.Б.<sup>1</sup>, Затов К.А.<sup>2</sup>, Әділбаева Ш.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, e-mail: paradise-gannat@mail.ru

<sup>2</sup>Д.ф.н., профессор, e-mail: kairat\_1966@list.ru

<sup>3</sup>PhD, ассоцииров.проф., e-mail: shamshat\_nmu@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

### Статус женщины в контексте мировых религий: сравнительный анализ

В статье рассматривается сравнительный анализ положения женщины в контексте мировых религий. По отдельности обсуждаются положение женщины в Библии, положение женщины в будде и женщины в Ведах, и положение женщины в исламе. А также рассматривается равенство мужчин и женщин в контекстах мировых религий. Тема женщины в религии была и продолжает оставаться актуальной в наши дни. Так, основные и традиционные религии почитают женщину за ее особую миссию в истории существования человеческого рода, за глубокую духовность и самоотверженность, за божественный дар любви и мудрости. Женщина – это прежде всего, мать и дочь, жена и сестра, хранительница очага и общественный деятель, что прослеживается в самой концепции устройства мира. В целом вопрос о статусе женщины, особенно в контексте религии, в каждом обществе и во все эпохи имел большое значение. Каждая религия выражала свое отношение относительно роли женщины в семье, обществе, и касательно ее прав. Соответственно, данная тема и актуальна и практически значима для современного общества.

**Ключевые слова:** религия, женщина, положение женщин в религии, гендер, христианство, буддизм, ислам.

#### Кіріспе

Қазіргі кезде қоғамдағы әйелдің орны мен рөлі, бейнесі туралы түсініктер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Әйел тақырыбы оның ішінде әлемдік діндердегі әйел мәселесі қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өзіндік маңызға ие болған. Әрбір дін әйел затының отбасындағы, қоғамдағы орны мен құқықтарына қатысты өзіндік көзқарасын білдірген.

Әйел мен ер адам арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік дамудың маңызды факторы болып табылады, өйткені, олар екі үлкен әлеуметтік-демографиялық топты құрайды. Олардың қарым-қатынастарының сипаты қоғамдағы көптеген экономикалық, мәдени-әлеуметтік, саяси, рухани өмірдің себебі мен әсері болып келеді. Сондықтан да бұл қарым-қатынасты зерттеудің маңызы өте зор. Гендер түсінігі соңғы кезде елімізде ерекше жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге айналып келеді. Гендер түсінігі қоғамдағы әйел мен ердің арасындағы олардың әр қайсысының әлеуметтік орнын анықтауға бағытталған ғылыми бағыт.

Еркек пен әйел табиғатындағы өзіндік ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген. Әйел мен еркек минус пен плюс заңдылықтары іспетті. Әйел денедегі жүрек болса, еркек сол денедегі ақыл іспетті. Жүрек ақылсыз, ақыл жүрексіз ғұмыр сүре алмайды. Жүректі ақылдан жоғары яки ақыл жүректен артық деп айту мүмкін емес. Екеуі өз міндеттерін атқарған кезде ғана дене

дұрыс қызметін жалғастыра алады. Ендеше, әйел еркектен жоғары яки төмен деу, жалпы алғанда дұрыс айтылған сөз емес. Әрқайсысының қоғамда өзіндік қызметі бар. Әрбірі соны дұрыс атқарған кезде ғана мінсіз қоғам пайда болады.

Діндердің әйелдер туралы пайымдауларына назар аударсақ, кез келген әлемдік діндердің қасиетті кітаптарында жаратылыс және Құдайға құлшылық тұрғысынан қарағанда әйелдер мен ерлер тең екендігіне көз жеткізуге болады. Алайда әйел мен ерлердің физиологиялық, психологиялық және табиғи жаратылыстарына байланысты ерекшеліктері болатындығы хақ.

#### Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мәселені әлемдік дін контекстерінің теориясы ауқымында зерттеу бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, ой таным шеңберінің ортағасырлық христиан ойшылдарының тұсындағыдай емес, әлдеқайда алға ұмтылғандығын көрсетеді. Зерттеу барысында логикалық және тарихи, герменевтикалық-комперативистикалық және салыстыру тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер гендерлік қатынастардың дамуына әсер еткен саяси факторлар жөнінде зерттеулер жасауға мүмкіндік береді.

Аталған тақырып жөнінде зерттеу жүргізген отандық ғалымдар саусақпен санарлық. Сол себепті де, отандық дінтану ғылым аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу дінтану саласының дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

## Нәтижелері және талқылау

### *Христиан діні*

Әлемдік діндердің алғашқысы христиан дінінің киелі кітабы Тәуратта: “Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел етіп жаратты” (Киелі кітап, 2010:9) делінген. Сондай-ақ әйел Адамның қабырғасынан жаралған: «Және Құдай Адамды қатты ұйқыға салып, адам ұйықтап қалғаннан кейін, оның бір қабырғасын алған, оның орнын бұлшық-етпен жапқан. Және Құдай адамнан алған қабырғадан оған әйел жасап берді...» (Киелі кітап, 2010:11). Иса Мәсих жастайынан анасына мойынсұнып жүретін болған «Иса Назарет қаласына бірге оралып, оларға мойынсұнып жүрді. Осы сөздердің бірін шешесі көңіліне түйіп алды». Ата-анаға құрмет көрсетуді «ата-ананды сыйла!» (Киелі кітап, 2010: 1136) деп ең жоғарғы өсиет етті. Христиан дінінде әйелдің ой-өрісі тұрғысынан Иса Мәсихке дейін адами құқықтарға ие болмаған. Әйелдерді еркектерге қарағанда білімге қабілетсіз деп білген. Ал Мәсих Иса келгеннен кейін, білім жалпыға бірдей ашылатынын көрсетіп, тіпті Иса Мәсихтің үздік әйел ерушілері болған. Інжілдік баяндауларда әйелдердің аштық пен жол қиыншылықтарына қарамастан Мәсих Исаның артынан еріп, оның құтқару ілімін тыңдаған (Киелі кітап, 2010:1128). Ол ешқашан әйелдерді өз тыңдаушылар қатарынан алыстатпаған және олардың түсіну қабілеттерінің төмен екендігін бірде-бір рет айтпаған. Керісінше әйелдермен әрдайым сұхбаттасып отырған.

«Бірінші пасхадан кейін Мәсих Иса Иерусалимнен Галилеяге қарай жолға шығады. Жолда Самария аймағы арқылы Сихар қаласының жанындағы Жақып (Иакова) құдығының басына барып отырады. Шәкірттері қалаға азық-түлік алып келуге кетеді. Сол кезде құдықтан су алу үшін самариялық бір әйел келеді. Мәсих Иса одан: «Маған ішетін су берші? деп сұрады. Самариялық әйел таң қалды. Себебі яһудилер (діни сенім бойынша арамданбау үшін Талмұдта: «Жұбайы, қызы, әпкесі болса да, көпшілік алдында әйелдермен сөйлесу – Равиндер үшін кешірілмейтін ақымақтық») самариялықтармен араласпайды. Сондықтан әйел: «Өзің яһуди бола тұра, қалайша менен, самариялық әйелден су сұрайсың? – деген сауал қойды. Иса: «Егер құдайдың өзіңе не сыйлағысы келгенін және су сұраған адамның кім екенін білсең, сен оның өзінен су сұрар едің. Сонда ол саған «өмір суын» берер еді деп жауап қатты

(Киелі кітап, 2010:1204). Сонда әйел: «Мәсих деген құтқарушының келетінін білемін. Ол келгенде бізге бәрін ашық айтып береді, – деді. Иса: «Сенімен сөйлесіп тұрған мен соның өзімін, – деп әйелге жауап берді (Киелі кітап, 2010:1205). Бұл оқиғадан Христиан дініндегі Иса Мәсихтің әйел жаратылысына деген қарым-қатынасын көреміз. Қарапайым әйелге руханилық, құдайға құлшылық ету, мәсихшілдік секілді христиандықтың негізгі принциптері туралы ақпарат беруі әйелдің тыңдау құқығын және шынайы ақиқатты қабылдаудағы қабілеттілігін аңғартады. Бұл самарияндық қарапайым әйел шынайы ақиқатты түсініп, Иса Мәсихтің алғашқы әйел шәкірттерінің бірі болған.

Сол жерде алысырақтан қарап тұрған көптеген әйелдер болды. Олар Исаға қызмет етіп, Галилеядан еріп келгендер еді (Киелі кітап, 2010:1153). Олардың ішіндегі тұрақты серіктері – Мария Магдалина, Хузаның жұбайы Иоанна, Жақып пен Жүсіп шешесі Мәриям, Саломия – Зебедей ұлдарының шешесі, сонымен қатар Иса Мәсихтің өз анасы – Мәриям т.б. болған. Бұлардың барлығы басқа еркектер тәрізді Мәсих Исамен бірге жүріп, ғибадат құлшылықтарын жасаған және нәзік жандылар қатарынан болғандары үшін ешқандай шеттетілу көрсетілмеген. Исаның өміріндегі маңызды жәйттардың көбінде әйелдердің орны көрініс тапқан.

Алайда, ерте және дамыған орта ғасырларда бірқатар христиан дінбасылары әйел адамның құқығына қатысты жазбаларды назардан тыс қалдырып, олардың құқығын мүмкіндігінше шектеуге тырысқан. Христиан теологтарының тіпті «әйел адам ба, адам емес пе» деген мәселе көтеріп, орта ғасырларда Батыста әйелдердің «мыстан», «азғырушы», «арбаушы», «көзбояушы», «сиқыршы» деген жаламен шіркеу тарапынан тірідей отқа жағылғанын, өртелгенін білеміз. Тіпті, шіркеу тарапынан «мыстандар мен сиқыршы әйелдерді аулау» үшін арнайы топтар құрылған. Олар көрікті, білімді қыздар мен ажарлы әйелдерді «еркектерді азғырушы» ретінде айыптап, сотсыз, шіркеудің үкімімен тірідей өртеп отырған. Католик шіркеуі мен протестандық сенім арасындағы қақтығыс кезінде бұдан ең көп зардап шеккендер тағы да әйелдер болды. Англияда бертінге дейін «лас» деп есептелгендіктен, әйелге «Інжіл» ұстауға тыйым салынды. Францияда Жанна д'Арк сияқты сан мыңдаған әйелдердің түрлі жаламен тірідей отқа жағылғанын тарихтан білеміз.

Әулие Августин мен Иоанн Злотоустын көзқарастарындағы әйелдің орны: «Әйелдер тыныштықпен әр жағдайда (қауым жетекшілерінің басшылығына) мойынсұнып тәлім алсын (Киелі кітап, 2010:1431). Симон Петр: «Мәриям бізден кетсін, өйткені әйелдер өмір сүруге лайықты емес» – деген (Киелі кітап, 2010:1415) деген, сондай-ақ әулие Павел «Олардың (әйелдер) Құдайдың ілімі жайлы тәлім беріп, ер адамдарға билік жүргізулеріне жол бермеймін, олар тыныш болсын» (Киелі кітап, 2010:1432). «Сондай-ақ еркек әйелге бола емес, әйел еркекке бола жаратылды», «бірнәрсе туралы сұрағылары келсе, үйде күйеулеріне сауал қойсын. Өйткені әйелдердің шіркеуде сөйлеулері ұят» (Киелі кітап, 2010:1380) делінген әйелдерге қатысты пікірлерді көре аламыз.

Христиан дінінде әйел барлық күнәарлықтың бастауы деп айыптайды және ол бүкіл адамзатқа кесірін тигізді делінеді. Тауратта көрсетілгендей: «... және Адам ата емес, әйел әзәзілге алданды. Осылай ол Құдайдың бұйрығын бұзды» (Киелі кітап, 2010:1432). Христиан діндарларының әйел тегін айыптаулары Еуропа мен христиан әлемінде әйелдерге деген теріс пікірлер қалыптастырды. Августин Блаженный үйіне ешқашан әйелдерді, тіпті бірге туған монах әпкесін де жолатпаған. Әулие Тертуллианда: «Сендердің әрқайсың Хауа екендеріңді білесіңдер ме?» Құдайдың әйел тегіне қатысты жазасы әлі күнге дейін жарамды, күнәнің жазасы да жалғасуы керек. Сендер шайтанға жол ашатын қақпасыңдар және әйел Құдайдың рухани Ұлы Иса Мәсіхтың құрбан болып өлгеніне күнәлі. Шынайы христиан әйелі өзінің сұлулығын жек көруі тиіс, себебі ол еркектерді азғырады», – деген. Көптеген ортағасырлық христиан дін қызметшілері «... әйел жыланнан да қауіпті» деп білген. Тіпті әйелдің көлеңкесінен де жанымыз ластанады деп қашатын болған. Ортағасырлық христиан діни философиясында әйел жаратылысына деген олқылықтық пен ластық тән болды. Әулие Томас «шынайы христиан болу үшін ешқандай әйел атаулысына жоламай, үйленуден бас тартып ант бергендер ғана киелі рухты алып жүре алады», – деп айтқан. Сондай-ақ әулие Иероним «Барлық жамандық әйелден» деген сөздері тағы бар. Христиан дінінде әйел адамның құқығын қозғамастан бұрын христиан дін қызметкерлері ұзақ уақыттар бойы әйелдің жаны бар ма, жоқ па? деген сұраққа жауап таба алмаған. Тек 585 жылы Маккондық шіркеулік соборда (Мако-не, Франция) әйел төменгі сатылы жаратылыс

болғанымен жаны бар деген шешімге келген. Христиандықтағы әйел статусын қарастыра келе апостол Павел «Барлық күнә бастауы әйелде және соның кесірінен бәріміз өлім дәмін татамыз», – деген (Силов, 2009: 4-6).

Рим империясындағы әйелдердің заңды мәртебесі римдік құқықта бекітілген. Заңнамаға сәйкес, әйел толығымен бағынышты болды. Ол тұрмыс құрғаннан кейін, оның меншігі толығымен күйеуінің иелігіне өту керек. Әйелді күйеуі сатып алғаннан кейін тек соның пайдасын өтейтін құл сияқты оның меншігіне айналды. Әйел ешқандай да азаматтық және қоғамдық лауазымға ие бола алмайды..., ол куәлік беруші, тапсырушы, қамқоршы бола алмайды, бала асырауға немесе асыранды болуға құқы болмайды, өсиет қалдыра, келісім жасай алмайды. Ортағасырлық христиан философы Филон Александрийскийдің түсінігінше, еркектік – саналы, рационалды, құдайлық, ал әйелдік – лас денелік әлемінің бейнесі» деген.

Христиандық отбасылық қатынастарды әйел күйеуіне толығымен бағынуы қажет. «Қауымның Мәсіхке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне мойынсұнулары керек» (Киелі кітап, 2010:1410). Әйел орны – отбасында, үй шаруасымен айналысу, ал ер адам үй шаруасына алаңдамауы тиіс. Сонымен қатар ер адам әйеліне құдайға құлшылық ету, разылығына жету жолдарын үйрету міндеттеледі. Яғни күйеуі тек қожайыны ғана емес сонымен бірге ұстазы, рухани жетекшісі болып табылады. Әйел еркектің жеке мүлкі ретінде қарастырылғандықтан ажырасуға тек еркек құқылы болған.

Христиандық неке сипаты – бір некелілік. Ал егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, басқаға тұрмысқа шықпай, неке адалдығын сақтап жесір қалу абзал. Себебі христиандық ілім бойынша адам өлімін ұйқымен теңейді, яғни күйеуі қайтыс болған әйел ол ұйқыда деген түсінікпен рухани бірге болуы жақсырақ деп саналады. Бұл жайлы киелі кітапта: «Ал ең қолайлысы қайтадан тұрмыс құрмау» (Киелі кітап, 2010:1385). «Жесірлік жақсырақ және жоғары, ал екінші неке жаман және төмен» деп жесірлік пен монахтық өмірді дәріптейтіндігі көрінеді (Беседа о вдовицах).

Яһудиліктегі кейбір Ысырайыл деректерінен мынаны оқимыз: «...еркек отбасының басшысы, ал қыздары үйлеріндегі қызметші болып, жұмыс істейтін сорлылар. Тіпті кейде әкелері кез келген уақытта саудаға шығарып сататын тұтқындар... Негізінде олар мұндай азапқа лайықты, себебі, әйел Адамды алдаған және

оны жамандыққа итермелеген. Сондықтан олар лағынетке ұшыраған...».

Міне, осы діни аңыздардағы Хауаның әуел бастапқы күнәһарлығы туралы ақпар әйелдердің төменгі жағдайда болуына сеп болып, бұл христиан дінінде одан ары жалғасын тапты. Бүкіл ортағасырлар бойы әйел жұмақтағы алғашқы күнәнің себепкері болғандықтан, Інжілге қол тигізе алмайтын.

Христиан теологиясында әйел бейнесі адамды азғырушы, ібіліспен ымыраға келуші, сайтанның тапсырмасын орындаушы, Адам-Атаны алғашқы күнәға итермелеуші ретінде суреттеледі. Көптеген әдебиеттерде жыншайтан мен ібіліс әйел бейнесінде көрсетіледі. Кезінде католик дінінің ресми теологы болып бекітілген Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арамшөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегенінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың басқаруымен ұстап отыру үшін туады» деген.

Күнә мен әйелдің аты қатар аталғандықтан, христиан діндарлары әйел атаулыға жоламай, дүниеден үйленбей өтті. Шіркеу үйленбей өтуді «Хазірет Исаның жолы – күнәдан пәк болу» деп түсіндірді. Католик шіркеуі Папаларды тек үйленбеген кардиналдар арасынан ғана сайлады. Бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Христиандық діни көзқарас бойынша, руханилықтың бәрі, біріншіден, адамға жоғары құдайдан дарыған, ол өзінің тәндік, заттық болмысында индивидуалды, яғни күнәлі, ұсқынсыз. Адамның тәні рухына қарама-қарсылықта қойылған. Екіншіден, христиан діні әйелдің биполярлық бейнесін көрсеткен. Бір жағынан Хауа ана – адамның анасы, екіншіден ол күнәһар, қараңғы күштің символы болып табылады. Сонымен қоса, Дева Мария – Христостың анасы тазалықтың, пәктіліктің рәмізі.

Үшіншіден, христиан философиясында жеке адамның қайталанбас құндылығы мен еркіндігі мәселесі бірінші орынға қойылған. Батыс дүниетанымында индивидуализм ең негізгі түсінік болды. Қоғам индивидтердің жиынтығынан тұрады. Оның нәтижесінде батысеуропалық мәдениетте адамның еркіндік құқығы заңында демократиялық құндылықтар құрылды.

Әйел мен еркектің қоғамда алатын орнын айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени құрылым ретіндегі ұғымы он тоғызыншы ғасырдан бастап, батыстық

елдердің жаңа капиталистік нарықтық қатынастарға тартылуымен қалыптасты. Капитализмге өту сатысында Батыста әйел мен баланың еңбегі қаналды, олардың құқықтары аяққа тапталды, еткен еңбегіне мардымсыз ақы төленді. Осыған орай, әйелдердің өз құқықтары үшін күресі басталып, эмансипация түсінігі мен феминизм идеологиясы өмірге енді. Дегенмен, шіркеуді былай қойғанның өзінде, зиялылар мен оқымыстылардың өзінде де әйелді кемсітуші ескі патриархаттық дәстүр сақталып қалды. Мәселен, И. Милтон әйелге «жаратылыстың қателігі» деп қараса, әйгілі Ф. Ницше «әйелмен сөйлескен кезде қолыңда қамшы болсын» дейді.

Да Еуропа мәдениетіне грек мәдениеті зор ықпал еткен. Прометей батыс өркениетінің рәмізі ретінде саналады. Антикалық дәуірдегі ежелгі грек және рим мәдениеттерінде әйелдердің алатын орны төмен болған. Демократияның отаны саналатын Афинының өзінде әйелдер қашанда еркектерге – әкесіне, ағасына, күйеуіне және өз әулетінің басқа да еркектеріне бағынышты жағдайда болды. Грек мифологиясына сай, Прометей аспандағы құдайлардан адамдар үшін от ұрлағаны үшін гректердің басты құдайы Зевс адамдарға жаза ретінде балшықтан әйелді жасаған. Зевстің жоспары бойынша, әйел – ұятсыз әдемі құбыжық, сондықтан енді ер адамның бақытсыздыққа, сәтсіздікке ұшырағаны, жеңіліп қалған жағдайлары әйелден болу керек. Осы «классикалық» грек мәдениетінің ұлы тұлғаларынан қалған мына пікірлер әйел жағдайын айшықтап береді: «әйел – тозақтың есігі және мал-мүлік» (Платон), «әйел жаратылыстан жартылай қалған еркек» (Аристотель) және т.б. Атақты римдік шешен әрі философ, мемлекет және мәдениет қайраткері Цицеронның пікірінше, әйел еркекке кедергі келтіру ретінде жаратылған. Ол жаратылмағанда еркек тәңірге айналар еді деген.

Мұндай біржақты пайымдаулар христиандықта ғана емес, басқа да діндер өкілдерінде қазіргі күні де ішінара кездесіп қалатыны жасырын емес. Дегенмен өркениетті сана деңгейінде ойлайтын христиан дінінің кез келген тармағының дін ғалымдары – православ, католик немесе протестант болсын, қасиетті кітаптарда әйел-ана теңсіздігін тудыратын ешбір қағиданың жоқтығына бірауыздан келіседі. Сонымен қатар құдайлық миссияның әйел-ана арқылы жүзеге асырылуы, әйел бейнесінің Құдай-ана дәрежесіне дейін көтерілуі, Тәуратта дінге қызмет еткен әйелдер бейнесінің кездесетіні

христиан дінінде де әйел-ана тұлғасына елеулі мән берілгенін аңдатады.

#### *Буддизм*

Үнді діни наным-сенімдерінің тарихи түрлері және оның үнді халқының мәдени-рухани өміріндегі рөлі зор болды. Үнді тарихында көптеген ағымдар мен діни наным-сенімдер болды. Жер шарындағы әлемдік деңгейге жеткен мәдениеттердің бірі – Үнді мемлекетінде қалыптасып, Үнді – будда мәдениеті болып саналды. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды. Мыңжылдықтар бойы әлеуметтік өмірінде қасталық құрылыс үстемдік еткен үнді өркениетінде әйелдердің жағдайын қасталық сатының төртінші баспалдағындағы шудралардың (құлдардың) жағдайымен шамалас болды. «Әйелдер күні-түні бағынышты жағдайда болуы тиіс», – дейді Ману. Ману заңдарына сәйкес, мұралану құқығы тек ерлерге ғана тиесілі болды. Тіпті ежелгі үнділіктердің «Ведалар» кітабындағы суреттеуден «әйел кесірткеден, жыланнан, улы хайуаннан да зиянды бір мақұлық» дегенді оқуға болады. Будда мен Аменданың арасындағы әңгімеден үзінді келтірсек: «Әйел сезім жетегіндегі мақұлық, оған қарамау керек, ал қарауға мәжбүр болған жағдайда, онымен сөйлеспеу керек, сөйлескенде де ұзақтан қарап сөйлесу керек». Сол сияқты ерте қытай деректерінен «...әйел адам емес. Оның жеке аты да жоқ. «Бір, екі, үш...» деген есімдері бар. Тіпті кейде шошқамен теңеседі» деген адамды жиіркендіретін көріністер кездеседі.

Еркектерге және әйелдерге тең мүмкіндіктер бар деген көзқарас Буддалық иконографияда Буддаға жету мүмкіндіктерін Тибеттің құдайы Тара бейнелейді. Махаяна культінде әйелдердің еркектерден кем емес екендігін көрсету үшін мейірімділікке толы болған Тара әйел бейнесіндегі Будда болуға уәде берді. Йогада жоғары дәрежеге жеткен, білімдерімен буддизмде көптеген өсиет қалдырған әйелдердің есімдері буддалық дәстүрде сақталған. Лакшиминкара, Нигума, Сукхасиддхи, Мандарава, Йеше Цогьял, Гелонгма Палмо, Мачиг Лабдрен буддалық дәстүрде патриархтармен қатар олардың да есімдері құрметтелді. Буддизм дәстүріндегі әйел мәртебесін толық түсіну үшін Махаянаның пайда болу жолындағы мәтіндерді қарастырайық. Буддалық дәстүрдің барлық бағыттары үшін «Винай» (*Санскр. моральдық тәрбие, мінез-құлық және мінез-құлықты басқару*). «Винай» мәтіні моральдық және этикалық сипатқа

ие доктриналар, ережелер, өсиеттер, уәделер, олардың міндеті сыртқы және мүшелерінің рухани дамуының ішкі шарттары Будда туралы ілімдерді қамтиды. «Винай» Пали канонының бір бөлігі. Пали немесе буддалық канон «Типитака» (Пали, үш себет даналығы) буддизмді мемлекеттік дін деп жариялаған әйгілі Асоки патшалығы (б.э.д. 3 ғасыр) дәуірінде құрылды. Көріп отырғаныңыздай, «Винай» мәтіні шамамен Махаянаның алғашқы сутралары пайда болғанға дейін екі ғасыр бұрын канондалған. Винай мәтіндеріндегі мәліметтер бойынша ағартушылығынан бес жылдан кейін Будда Шакьямуни өзінің асырап алған анасы Махападжапатимен кездескенде шешесі одан дүниелік өмірді тәрк етіп, монахтық өмір кешкісі келетін әйелдерге арналған буддалық Дхармамен (заң) өмір сүретін Сангха (санскр. қауымдастық) құруды сұрайды. Будда оны үш рет келісім бермей қайтарады, сол кезде Махападжапати шашын қиып, сары киімдерін киіп басқа әйелдермен бірге оның артынан ереді. Олардың аяқтары ісіп, шаң басқан күйде есіктің артында жылап тұрғанын Ананда (Будда Шакьямунидің ең жақын шәкірті) көреді. Ананда оларды қарсы алып, олардың өтінішін Буддаға жеткізеді. Будда тағы да үш рет келісім беруден бас тартады. Сонда Ананда:

– Мырза, үйден кетіп, дала кезген әйел Татхагатадағы ілім мен жарғыны қабылдауға қабілетті ме?

– Әйел қабілетті, Ананда.

– Егер солай болса, мырза, Махападжапати Готами көп қызмет етті. Мырзаға қамқор болып, анасы қайтыс болғанда сүт ана болды. Мырза, егер әйелдерге рұқсат етсеңіз жақсы болар еді.

– Олай болса Ананда, егер ол сегіз қатаң ережелерді орындаса, сол оның бастамасы болсын, – деді. (Томас, 2003:169–170).

Кейін монах әйелдерге арналған сегіз төмендегідей қатаң ережелерді енгізеді (санскр., гарудхарма):

1. Монах әйелдің жасы жүзге келсе де, монах еркекке бірінші болып тізерлеп тұрып сәлемдесуі керек. Тіпті ол жаңа сайланған жас болса да;

2. Монах еркектер жоқ жерде жалғыз қалмауы керек;

3. Айына екі рет сангхи монахтарынан жалпы жиналыс пен оның уақытын, монахтың өсиет айтуға келетін уақытын біліп отыруы;

4. Жалпы жиналыстан кейін монах әйелдер екі жақта да аяқтау рәсімін жүргізуі керек;

5. Белгілі іс-әрекеттер екі жақтың жиналысында да талқылануы тиіс;

6. Екі жыл бойы алты ережені үйренген тыңдаушы әйел арнауын (посвящение) екі жиналыста қатар сұралуы тиіс;

7. Монах әйел ешқашан монах ерлерді айыптамауы керек;

8. Монах еркектерге ресми мәлімдеме жасауға тыйым салынады. Монах әйелдерге монах еркектер мәлімдеме жасауға рұқсат.

Кейіннен монах әйелдерге арналған жатақхана жарғысы әзірленді. Монахтарға арналған 253 ереже, 364 ереже монах әйелдерге (басқа да мәліметтер бойынша 227 – монах ерлерге, 300 – монах әйелдерге) арналған.

Винай мәтіндерінде және Махаяна сутрасында діни құтқарылуда әйел мен еркек тең деп көрсетіледі. Олай болса неге монах әйелдерінің жарғысында еркектер мен әйелдер ережесі әртүрлі? Бұл сұраққа жауап беру үшін ежелгі үнді қоғамындағы әйел дәрежесін қарастырайық.

Ежелгі үнді қоғамы Ведалардағы салт-дәстүрлерді қатаң ұстанған. Ведаларда тек жеке адамның мәселесі ғана емес, сонымен қатар бүкілқасталар мен ежелгі Үнді елінің мәселелерін реттеген. «Веда» Ману заңдары секілді қоғамдағы әйелдің орнын және рөлін анықтады, оған қыздың қатаң тәрбиесі, құрметті әйел, еңбекқор үй шаруасындағы әйел тағдыры көрсетілді бұндай әлеуметтік тәртіп барлық төрт кастадағы әйелдер үшін міндетті. Жоғары кастадағы әйелдер басқа касталарға қарағанда жоғары әлеуметтік статусқа ие болды. Алайда барлық касталарда рухани жағдайға қатысты талаптары өте төмен болды. «Барлық каста әйелдеріне ведаларды оқып, зерттеуге, өзбетінше қандайда бір салт-дәстүрлерін жасауға, ораза мен әдет ғұрыптарға тіпті ведалық мәтіндерді оқылғанда әйелдерге қатысуға қатаң тыйым салынған. Брахман – ведалық мәтіндердің сақталуы мен таралуына жауапты діни қызметкер әйелдерді ведамен таныстырып, мағлұмат берген жағдайда қоғамнан біржолата қуылған. Өз кастасынан қуылған брахман жалғыз қалмас үшін ең төменгі кастамен бірге жүруге мәжбүр болған. Жоғарғы кастада тәрбиеленіп, құрмет пен байлықта өмір сүрген брахман үшін ең ауыр соққы. Діни ілім ізденген әйелдер отбасынан және қоғамдағы әлеуметтік статусынан айырылуы мүмкін еді (Бальжигитова, 2007: 9).

Қоғамдағы осындай жағдайға байланысты Будда әйелдерге қатысты шектеулері маңызды болды. Монахтарға қарағанда монах әйелдердің өмір салтының қатаң реттелуі әйелдердің табиғат ерекшеліктеріне емес, әлеуметтік жағдайдың шындықтарына байла-

нысты болды. Будда Шакьямуни өлер алдында шәкірттеріне әлем өзгеріссіз қалмайтындығын айтады. Оны буддистік дәстүр патриархтары буддизм ілімін заманға сай өзгерістер енгізілуі тиіс деп түсіндіреді. Будда Шакьямуни әйел монахтарға арналған қатаң жарғы өмірлік мәнісін жоғалтатынын түсінді. Осылайша мыңдаған жылдар бойы будда дәстүрі ағартушылық жолында әйелдер мен ерлердің теңдігі идеясын кіргізуді қарастырды. Қазіргі заманауи буддизмнің көшбасшылары дәрістері мен уағызында ерлер мен әйелдердің өмір сүру нысандарын, қазіргі заманғы әлемдегі ерлер мен әйелдердің орны мен рөлін көрсетуде. Гелуг мектебіндегі Тибет буддизмінің басшысы (Тибет доктринасы, ізгілік заңы) XIV Дала-лама бір дәрісінде екі тектің де өзіндік құндылықтарын түсіну қажеттілігі туралы айтады. Оның пікірінше әйелдің белгілі бір артықшылығы және мықты тұсы оның ерекше мейірімділігі «Олар бүкіл әлемді жүрегімен естіп, сезеді» деген (Далай-лама, 2009:77). Сондай-ақ ол: «Менен келесі өміріңізде әйел кейіпінде қайта тірілуді қалар ма едіңіз деп сұрағандарға, мен: «ия, әрине», – деп жауап берем. Махаяны Ұлы Гуру Ринпоче Падмасамбхва (VIII-IX ғғ.) жақтаушыларының бірі: «Дене – даналықтың жүзеге асуының негізі. Ерлер мен әйелдердің денелері ағартушылыққа қол жеткізу үшін бірдей қолайлы. Кейде, егер әйелдің мотивациясы мықты болса, оның әлеуеті ер адамға қарағанда әлдеқайда жоғары» делінген (Бекирова, 2013: 5).

#### *Ислам дініндегі әйел орны*

Әлемдік діндердің ішіндегі христиандық пен буддизмдегі әйел статусын салыстыра келе, әлемдік діндердің үшіншісі әрі ең жасы – Ислам дініндегі әйел статусын қарастырайық. Қасиетті кітап Құранда да, ислам дінін әкелген Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де әйел мен еркектің тең екені айтылған. Алайда, теңдік пен бірдейліктің екі түрлі екендігін ескеру қажет. Олар тең жаратылғанымен, әйел мен еркектің бірдей емес екендігі белгілі. Олардың арасында физиологиялық әрі психологиялық айырмашылықтар бар.

Ежелгі араб елінде де қараңғылық (джахилиет) дәуірінде әйелге деген көзқарас барынша төмен еді. Әйелдің дүниеге келуі, өсіп бой жетілуі мен тәрбиеленуі, содан соң тұрмыс құруы барлығы қасірет болған-ды. Қыз баланың дүниеге келуі отағасы үшін намыс болды. Сондықтан кей жағдайларда өмірге келген қыз баланы тірідей көме салатын. Мұндай сұмдықты жойған ислам діні болатын. Ол кезде әйел зат-

ша саудаланатын, қанша әйелмен үйленем десе де еркектерге шек қойылмайтын. Әйелді қалаған уақытында қалаған адамына сатып немесе айырбастай салатын. Тіпті, көне грек және рим мәдениеттерінде әйелді адам деп те есептемелгені, әйел бір қолдан екінші бір қолға өтіп жүре беретін ортақ мүлікке жатқаны туралы айтылды. Ескі қытай мәдениетінде әйел заты адам саналмағандықтан, оған айдар тағып, ат та қойылмайтын болған. Міне, әйел баласының жағдайы осындай жан түршігерлік қорлыққа толы бір заматта ислам діні әйелдердің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Оны заттықтан адамдыққа, қорланудан ардақтау деңгейіне көтерді. Тіпті, «Жұмақ – аналардың табанының астында» деген сыры терең, сыны биік ұстанымға бас иідірді. Құран әйелдің адами табиғатын барлық қырынан қысқа әрі нұсқа сипаттай отырып, оны мейлінше жоғары мәртебеге көтерді.

Жалпы, Құранда әйелдер және ерлер деген атаулар үнемі бірге айтылады, тең аталады, екеуінің де дереу тәубеге келіп, шын ниетімен сәжде жасағаны үшін кешірілгені айтылады. Бұған «Бақара» сүресінің 35-36 аяттары, «Ағраф» сүресінің 18-24 аяттары, «Таһа» сүресінің 116-121 аяттары куә. Осылайша, әуел бастапқы күнәні Хауа ананың мойнынан алып осыған орай әйелге қарсы көзқарастарға тойтарыс беріледі. Әйелдің жоғары рухани қасиеттерімен адамзат тегіне жататыны айтылып, әйелді руханилығына күмән келтірген пікірлерге тосқауыл қойды.

Хазірет Мәриям ананың атымен аталатын да арнайы сүре бар. Сондықтан, ислам діні Хазірет Хауа-Анағана емес, Хазірет Мәриямананы да шынайы ұлықтайды. Түптеп келгенде, мұсылмандар Хазірет Мәриям анаға христиандарға қарағанда анағұрлым биік деңгейде құрмет көрсетеді. Анаға деген құрметтің ерекше үлгісін Хазірет Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) көруге болады. «Жұмақ – аналардың аяғының астында» деген өз пайғамбарымыз аналарды ерекше құрметтеген. Сол арқылы әйелдің қоғамдағы алар орнын айқын көрсетіп берген. Хадисте «әйелдердің ең абзалы – көп бала тапқан ана» деп айтылады. Бірде Хазірет пайғамбарымыздан сахабалардың бірі: «Әуелі кімге құрмет көрсетейін?» деп үш рет сұрағанда, өз пайғамбар үшеуінде де «Анаға» деп, тек төртіншіде ғана «Әкеңе құрмет көрсет!» деген екен.

Ислам дінінде әйелге ерекше орын берілгені осы «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла» хадисімен қатар, «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы

мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау – Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», «Жұмақ кілті ананың қадамы астында» т.б. хадистік қағидалардан да айқын көрінеді. Бұл хадистердің мәнін діни сипаттағы прецедентті мәтіндер арқылы анықтауға болады: «Мұхаммед пайғамбар тұрғындары зұлымдықты жақтайтын қалаға қарсы қасиетті соғысқа шығуға шақырады. Сонда Елшінің сенімді серіктерінің бірі анасына келіп: «Менің заттарымды дайында. Пайғамбарымыз соғысқа дайын болуды бұйырды» дейді. Анасы баласына «мені жалғыз қалдырасың ба?» деп ренішін білдіреді. Сол кезде баласы «Мен Пайғамбардан алыс кете алмаймын» деп азар да безер болады. Сонда анасы: «егер сен кетсең, ақ сүтімді көкке сауам» деп жауап береді. Әйел Мұхаммед пайғамбарға барып, әлгі сөздерін қайталайды.

Біраз уақыттан соң қасына барған жігіттен теріс айналған Пайғамбар оған былай дейді: «Мен саған қатты ашулымын. Себебі, сен ананың өтінішін жерге тастадың. Адам баласы анасы мен әкесіне қызмет жасап, қарызын қайтару үстінде жұмақ онымен бірге болады» (Хайдар Баш, 2001:20).

Христиандық дүниетанымда «Адам-Ата Хауа-Ананың азғыруымен күнә жасап, Иса пайғамбар сол күнәні жою үшін келді. Нәресте дүниеге күнәһар болып келеді. Кейіннен оны шіркеу шоқындыру арқылы күнәсінен арылтылды» дегенге саятын түсінік бар. Ал исламдық түсінік бұған мүлдем кереғәр, адам дүниеге күнәһар болып келген жоқ. Керісінше, нәресте бұл дүниеге періштедей таза болып және дінге бейім болып келеді. Оның жарық дүниеге келуіне себепкер ретінде тағы да ананы көреміз. Алла Тағала баланы бұл дүниеге әкелу үшін оны әуелі ананың рахымында тәрбиелейді. Өзінің пендесіне деген мейірімін ана арқылы көрсетеді. Сондықтан Шығыста «әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Исламда «алғашқы күнә» туралы түсінік мүлдем басқа сипатта. Ислам діні анаға, әйелге ерекше мәртебе берді. Құран мен сүннетте әйел, неке, отбасы тақырыптары мейлінше көп сөз болып, олардың маңыздылығы аңғартылады. Қасиетті кітапта жазатайым қателікке ұрынған Хауа-Ана емес, керісінше Хазірет Адам-Атаның бейнесін көруге болады. Құранның «Таға» сүресінде Жаратушы Иеге берген сөзін ұмытып, уәдесінде тұрмай, табандылық таныта алмаған Адам-Атаны жазғыру бар. Онда Хауа-



Ананың Адам-Атаны күнәға итермелегені жайында ештеңе айтылмайды. Хауа-Ана – барша адамзаттың анасы. Сондықтан мұсылмандар Хауа-Ананың атына «хазірет» деген сөзді қосып айтады. Бұл сөз – әулиелер мен пайғамбарлардың атына қосып айтылатын сөз. Оның үстіне, мәселеге себеп-салдар тұрғысынан қарайтын болса, Хазірет Адам-Ата мен Хауа-Ананың жұптасуы болмағанда, Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) да дүниеге келмес еді. Адамзат баласы да болмас еді. Сондықтан мұның бәріне Алланың мұраты, жаратылыстың хикметі және тағдырдың тылсымы ретінде қараған жөн. Кейбір мұсылман философтары осыған байланысты «Адам-Ата мен Хауа-Ананың қол созған жемісі – бұл ұрпақ жемісі еді» деп айтады. Құранда «еркектер» деп аталатын сүре жоқ, бірақ «Ниса», яғни «Әйелдер» деп аталатын үлкен сүре бар.

Еркек пен әйелдің бірдей еместігінен, олардың құқықтарының ерекше болуынан әйелдің еркектен төмен деген ұғымы туындамауы керек. Егер әйелдің жағдайы еркектің мәртебесімен толық бірдей болса, онда ол оның тек көшірмесі ғана болар еді. Ислам әйелге кейбір ерекше құқықтар мен артықшылықтар берді, бұрын-соңды мұндай жағдай ешбір дінде, ешқандай құр ылыста болған емес. Исламдағы әйел жағдайына жекелей тоқталу барысында осыған көз жеткізуге болады.

Діни ғибадаттарға келер болсақ, мысалы, бес уақыт намаз, ораза тұту, қайыр-садақа беру мен қажылыққа бару сынды парыздарға келсек, бұл еркек пен әйелге ортақ. Алайда, бұлардың атқарылуындағы кейбір жекелеген жағдайларда әйел затының белгілі бір артықшылықтары бар. Ислам әйел ағзасының физиологиялық және психологиялық өзгерістерін ескеріп, оларға мейірлі қамқорлық танытады. Қыздардың балиғат шағынан шамамен елу бес жасқа жеткенге дейін созылатын етеккір (хайз) келген шақтарында намаз оқымайды, ораза ұстамайды, құран оқымайды, Қағбаны тәуәф етпейді, мешітке кірмейді. Етеккір келген күндері оқымаған намаздарын қаза деп есептемейді, сол күндері оқымаған намаздарын Алла тағала кешіреді. Ұстай алмаған оразаларын қаза қылып, қалаған уақытында күніне-күн тұтады.

Әйелдердің босанғаннан кейінгі жағдайын «нифас халы» дейді. Бұл босанғаннан бастап қырық күнге дейін созылады. Етеккір кезінде істелуі харам болған нәрселерге нифас кезінде де тыйым салынады. Әйелдер мешітке жоғарыда аталған кезден басқа, қалаған уақытында бара

алады, ерлер үшін парыз болған жұма намазға қатысу оларға міндетті емес.

Неке мен отбасы ислам жүйесінде негізгі орындардың бірін алады. Жоғарыда айтылғандай, христиандық шіркеу үйленбей өтуді «күнәдан пәк болу» деп есептесе, исламда некелесу діни парыз, адамгершіліктің кепілі және әлеуметтік міндет. Некеге түскен әрбір мұсылман өзінің діни міндеттерінің жартысын орындады деп есептеледі, қалғаны оның тақуалығына байланысты. Еркектердің әйелдерге пана, қамқоршы, жауапкер, қорған болуын өсиеттей отырып, Құрандағы «Рұм» сүресінде «Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларына сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланушыларға белгілер бар» (Құран, 2014:406) делінеді. Некенің нәтижесінде адамгершіліктің салтанат құруын қамтамасыз ететін өмірдің реттелуіне қол жетеді; ұрпақ жалғастығы тәрізді қоғамдық қажеттілік қамтамасыз етіледі. Бірақ неке мақсатына діни міндеттерді ұстанғанда ғана жетеді. Құран мейлі олар кедей немесе құлдықта болса да, ең алдымен діндар әйелдерге үйленуді дұрыс көреді (Құран, 2014:354).

Әйел болмысы мейірімділік пен ұяттылыққа, инабаттылық пен ізеттілікке бейім, ал еркектердің болмысы жауапкершілікке, қамқорлыққа бейім болуы керек. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) бір хадисінде «Сендердің ең ізгілерің – әйелдеріне жақсы мінезде болғандарың» десе, басқа бір хадисте «Артында қалған күйеуі өзінен разы болған күйде жан тапсырған әйелдің барар жері – Жұмақ» деп, ер мен әйелді өзара рухани түсіністікке, теңдікке шақырған. Исламда әйелдер еркектермен бірдей өзіндік жеке және қоғамдық міндеттерін атқара алады және Оның адами бітім-болмысының ер адамнан айырмашылығы жоқ, ол барлық адами қасиеттер мен рухани мұраттарға ие тәуелсіз тұлға. Құранда айтылады: «Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. (Бәрің бірдейсіңдер)» (Құран, 2014:76).

Батыс әйелдері білім алу, еңбек ету, меншіктену құқықтары мен сөз бостандығы, іс-әрекет бостандығы үшін күрес жүргізді. Исламда әйелдердің білім алуға деген құқығы ерлермен бірдей. Ислам мұсылмандарды білім алуға ұмтылуға міндеттегенде, оларды ер мен әйел деп бөлмейді. Он төрт ғасыр бұрын Мұхаммед білім іздеу еркек болсын, әйел болсын, әрбір

мұсылманның міндеті деп жариялады. Мұны мұсылмандар ғасырлар бойы ұстанып та келді және білімді әйелдердің даңқы да шығып отырды.

Еркектер сияқты әйелдердің де сөз бостандығына деген құқы бар. Ол әйел болғандықтан ғана оның салауатты пікірлерін теріске шығаруға болмайды. Құранда әйелдердің тек өз пікірін еркін айтып қана қоймай, Пайғамбардың өзімен де, мұсылмандардың өзге жетекшілерімен де күрделі мәселелерді талқылауға қатысып, пікірталасқа түскенінің мысалдары кездеседі (Құран, 2014:542).

Алғашқы мұсылмандармен қатар әйелдердің қоғамдық өмірге, әсіресе, төтенше жағдайларға да қатысқанын тарихи құжаттар дәлелдеп отыр. Әйелдер әдетте жаралыларды таңу үшін, тамақ дайындап, әскерлерге көмектесу үшін және т.б. шайқастарға қатысып, мұсылман әскерінің жанында жүретін болған. Бәріне де үлгі боларлықтай, қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысты. Бұл тұрғыдан алғанда Айша анамыздың (р. а.) орны ерекше.

Ислам келісімдер жасау, кәсіпкерлік әрекетпен айналысу, ақша тауып, жеке меншікке ие болу жөнінде әйелдерге еркектермен тең құқық береді. Оның өмірі, абыройы мен меншігі еркектердікі секілді қорғалған. Бұларлы бұзған жағдайда олар ерлер сияқты жазаға тартылады. Егер оған әділетсіздік көрсетіліп, ол қандай да бір зиян шексе, ол ерлермен бірдей дәрежедегі лайықты құқын алады (Құран, 2014:27) .

Адамзат тегін жалғастыруды ерлермен қатар қамтамасыз етуші ретінде әйелді тәуелсіз тұлға деп мойындай отырып, ислам оған мұрагерліктегі өз үлесін береді. Исламға дейін оның мұндай құқығы болмағаны былай тұрсын, оның өзі күйеуінің меншігі саналып келген болатын. Барлық адамзаттық қасиеттердің әйелге әуел бастан тән екендігін ескере отырып, ислам оны қозғалатын мүліктен мұрагерге айналдырды. Ол әйелі немесе шешесі, қарындасы немесе қызы болсын, қайтыс болған туысының меншігінен белгілі бір үлес ала алады және бұл үлестің көлемі қайтыс болушының туыстық дәрежесі мен мұрагерлердің санына қарай анықталады. Әйелді мұрадан ешкім де айыра алмайды. Тіпті туысының өзі оны өсиет етіп, мұрадан айырғанның өзінде шарифат заңы оны бұлай істеуге мүмкіндік бермейді. Кез келген адам өз өсиетінде меншігінің үштен біріне ғана еркі бар, өз мұрагерлерінің құқықтарын ол бұза алмайды.

Кей жағдайларда мұраға әйел бір үлес алса, еркек екі үлес алады, бірақ бұл еркекті әйелден

жоғары қоюды білдірмейді, оның бірнеше төмендегідей себептері бар.

Біріншіден, өзінің әйелін, бүкіл отбасын және басқа да мұқтаж туыстарын толығымен асырау жауапкершілігін өз мойнына алады. Заң бойынша ол өз күтіміндегілердің барлығын қажеттіліктерімен қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ барлық абыройлы қоғамдық істерге материалдық тұрғыдан үлес қосу да оның міндетіне жатады. Барлық осы қаржылық шығындарды оның бір өзі көтереді.

Екіншіден, әйел отбасы үшін ешқандай қаржылық жауапкершілік арқаламайды. Ол өзінің жеке қажеттіліктері мен сәнді бұйымдарға болмашы қаржы жұмсайды. Осылайша, қаржылық тұрғыда ол толығымен қорғалған және барлығымен қамтамасыз етілген: әйелін күйеуі, шешесін баласы, қызын әкесі, қарындасын ағасы және т.б. қамтамасыз етеді. Егер оның сүйенетін туысы болмаса, онда мұралану мәселесі де көтерілмейді, өйткені оған өсиет ететін ешкім жоқ. Деген ол тағдырдың тәлкегіне тасталмайды, ол аш қалмайды; мұндай әйелдің күтімі үшін жауапкершілікті тұтастай қоғам, мемлекет алады. Оған көмек көрсетіледі, тіршілігіне ақша табу үшін жұмыс беріледі, тапқан табысы өзіне ғана тиесілі болады.

Үшіншіден, мұраны әйел еркектен азырақ алғанымен, шындығында ешкім де оны өзінің тапқанынан ештеңе айырмайды. Мұраланған меншік оның еңбегінің жемісі емес. Ол қосымша, үстеме бұйырылған нәрсе. Бұл өзіндік көмек және бұл көмек Жаратушының заңына сай бөлініп, реттеліп отырады.

Осылайша, байқағанымыздай, исламда мұрагер-ер адам қаржылық міндеттердің жүгін арқаласа, әйел-мұрагерге ешқандай қаржылық міндет жүктелмейді. Егер әйелді мұрадан толығымен айырсақ әділетсіздік болар еді, өйткені ол қайтыс болғанмен қандастуыстық байланыста. Ал егер мұраның үлесі бірдей болғанда, бұл асыраушы еркекке қатысты әділетсіздік болар еді. Бұл мәселеден де исламның әйелдерге мейірімді қатынасы аңғарылады, ондағы әйел құқығы мен ер адам құқығы тұтастай алғанда, бірдей болмаса да, тең екендігі көрінеді (Құран, 2014:78).

Кей жағдайларда қайсыбір азаматтық келісімдерді куәландыру барысында екі ер кісі немесе бір еркек пен екі әйел кісі куәлік бере алады. Бұл да болса, исламның әйелді ерлерден төмен қоюын білдірмейді. «Бұл шара келісім бекіткен тараптардың құқықтарын қорғауға бағытталған, өйткені әйелдердің еркектерге

қарағанда көп жағдайда практикалық тәжірибесі азырақ болады. Тәжірибенің бұл кемшілігі келісімге қатысушыларға қандай да бір зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан заң бір еркекпен қатар ең болмағанда екі әйелдің құжатты куәландыруын талап етеді. Егер олардың бірі бір нәрсені ұмытса, екінші есіне түсіреді, егер бірі қателесе, екіншісі оны түзетеді. Бұл сақтық шаралары жеке келісімдердің кепілдігін қамтамасыз етеді. Бұл жерде, іс жүзінде әйелдерге қоғамдық өмірде өз рөлін атқарып, әділетке жетуге көмектесу мүмкіндігі беріліп отыр». Практикалық істердегі тәжірибесіздік әйел жағдайының еркектен төмендігін білдірмейді. Әр адамда кемшілік болуы ықтимал, бірақ бұл оның адам ретіндегі мәртебесін ешкімнің күмәнін туғызбайды (Құран, 2014:48). Ана ретінде әйел үлкен құрмет пен қадірге ие (Құран, 2014:412). Баласына деген махаббаттың төрттен бірі ғана әкеге тиесілі болса, қалған төрттен үші анаға тиесілі. Қалыңдық ретінде ол өзінің қажеттіліктерін өтейтін және тек өзіне ғана тиесілі болатын қалыңмалды ол өзінің болашақ күйеуінен талап ету құқығына ие. Оны күйеуі толығымен асырайды, оның жұмыс істеуі міндетті емес. Ол некеге тұрғаннан кейін өзінің бұрынғы меншігін толығымен сақтай алады және оған тиісуге күйеуінің ешқандай құқы жоқ. Егер ол жұмыс істеп, отбасының кіріс-шығысына қатысқысы келсе, оны істей алады, бірақ оның ары мен абыройы толығымен қорғалуы керек. Бұл әйелге берілген артықшылықтар.

Ислам келмес бұрын әйелдермен үйленуде шектеу жоқ еді. Ер кісі қанша әйел алам десе де өз еркінде еді. Ислам осы шексіздікті төртеумен шектеді. Өзінің сыршыл күрделі талаптарын қойды. Көп әйел алудың ислам дініндегі үкімі – парыз не уәжіп емес. Тек кейбір жағдайларға байланысты рұқсат етілген жол ретінде ғана қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, көп әйел алудың өзіндік күрделі шарттары мен арнайы талаптарының барын ескерер болсақ, көп әйел алудың әркімнің батылы жете бермейтін жауапкершілігі зор іс екенін байқаймыз.

Хиджаб – мұсылман әйелдің киімі, бөтен ер кісілердің алдында беті мен білекке дейін екі қолынан басқа денесін жабуға арналған. Аллаһ Тағала әрбір жаратылысқа өзіндік ерекшеліктер тарту еткен. Әйел адамның қоғамдағы, жанұядағы орны, жалпы болмысы, тәні ер адамдарға қарағанда мүлдем ерекше. Әйел адам осы ерекшеліктерін қорғай білген кезде ғана, қоғамдағы биік мәртебесін сақтай алады. «Әйел адам өзінің аналық мейіріммен, күйеуіне де-

ген ізеттілігімен қымбат. Ол осы қасиеттерімен әрдайым жоғары тұрады. Әйелдердің басын жауып, ұзын киім киюі – Құранның тікелей бұйрығы. Нұр сүресінде: «Мүмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалдарын жағаларын да жабатындай етіп тақсын...» (Құран, 2014:353). Ал христиан дінінде орамал тағу мәселесі қалай екендігін қарастырар болсақ, католик шіркеуіндегі монах әйелдердің мың жылдан бері орамал тағатындығы белгілі. Христиандық теолог Тертуллиан бойжеткендердің шашын бүркемелеуге, жабуға байланысты былай дейді: «Бойжеткендер, көшеде жүргенде бастарына орамал тағындар, шіркеуде, бөгде адамдардың жанында және өз ер бауырларыңыздың жанында бастарыңды ашық ұстамаңдар...» деген. Бүгінгі Католик шіркеуінің ата заңдарында шіркеуде әйелдерді бастарына орамал тағуға міндеттейтін арнайы бабтар бар. Амиш және Меннонилер сияқты кейбір христан ағымдары әлі күнге дейін әйелдердің орамал тағуын талап етуде. Көптеген халықтардың ұлттық киіміне назар аударсақ, олар да орамал тағып, ұзын киім киген. Демек, орамал тағу ислам діні әкелген жаңалық емес.

Ислам діні әйелдер қауымының құқықтарын ерекше жоғары деңгейге көтерген және оның отбасындағы міндеткерліктерін белгілей отырып, қоғамдағы орнын айқындап бергендіктен өзге діндерден оқ бойы озық тұратыны анық.

### Қорытынды

Аталмыш тақырып бүгінгі күннің қоғамдық пікірінде ең көп әрі әр алуан ұстанымда талқыланатын маңызды мәселелердің бірі. Әлемдік дін контекстерін саралай келе әйел теңдігі немесе әйел статусы, гендерлік мәселе мен феминизация құбылысының Батыста шығуы заңды құбылыс. Расында да батыста әйел адамның құқы шектеліп, ары тапталды. Ал шығыста керісінше әйелдің жаратылысына қарай жеке тұлға ретінде, отбасында, қоғамда әділ орнын ойып көрсетіп берді. Уақыт өте феменистік түсініктердің әсерінен батыс әйелінің қоғамдағы белсенділігі артты. Дегенмен, керітартпалыққа қарсы шығу бұл жолы әсіре белсенділікке бой ұрғызды, белсенділігі артқан әйел отбасынан ажырады, жалаңаштанып, қасиетінен айырылды, тәні саудаға салынып, рухы қорланды, адал некеге немқұрайдылық пайда болып, бала табу қолбайлау көрінді. Рухани

азғындауында, демографиялық апаттың алдында тұруында осындай себептер жатқаны да жасырын емес. Ғасырлар бойы салт-санамызға сіңген ислам дініндегі қызға, әйелге, анаға деген құрмет

дәстүрімізде де ерекше орынға ие. Әйел затының орнын ерекшелеп, «Ана – бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деп бекер айтылмаса керек.

### Әдебиеттер

- Бальжитова О.М. (2007). Положение женщины в буддизме Индии, Монголии и Бурятии: автореф. дис. Чита: Читин. гос. ун-т., с. 9
- Барбар Мухаммал Абдел-Рахим. (2005). Женщина в арабской культуре. СПб.
- Барбара Фрайер Стоуасер. (1994). Уиман инзе Коран, традишн енд интерпретейшн. Нью Йорк, с.45
- Бекирова Л.С., Ильченко И.А. (2013). Женщина в исламе: история и современность. Москва, с.5
- Василис Сараглу. (2014). Релижн, Персоналити, енд сошал бихейва. Нью-Йорк, с.122.
- Далай-лама XIV. (2009). Быть женщиной: Психология. № 36, с. 77
- Женщины в буддизме. (2003). Российская Ассоциация Буддистов, Школы Карма Кагью.
- Ингерфелд М. (2003). Женщины в буддизме. Москва, с.3
- Киелі кітап. (2010) Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбалары және Інжіл. – Стамбул.
- Құран Кәрім. (2014). Қазақша сөзбе-сөз мағынасы: ҚМДБ. Алматы.
- Құрманбаев Қ. (2012). Исламдағы адам құқықтары. Алматы, б.127
- Маулана Уахиддин Лхан. (2000). Уимен ин исламик шариах. Нью Дели. с.147-152
- Миранда Шо. (2001). Страстное просветление. Женщины в тантрическом буддизме: Женщины в духовных традициях. Москва, с.269
- Салеха Фатима. (2015). Зе аутенсити оф уименс уитнес ин ислам: е стади ин зе лайт оф коран. Аль-Калам. с.98
- Силова С.В. (2009). Образ женщины католицизме, православии, протестантизме и исламе. Москва, с.4-6
- Томас Э. (2003), Будда: История и легенды. Москва, с.169-170
- Тоха Абдусуки Хабиши. (2010). Аль-марра уа хаку исламиа. Каир Фадила Грине. (2011). Ислам енд гендр. Малайзия, с.8-9
- Фалих бин Мухаммад. (2016). Аль-Маратул муслима. Каир.
- Фалих ибн Мухаммад. (1975). Маканатул марра фи устаруль исламиа. Каир Хайдар Баш. (2001). Права женщины в исламе. Казань: Мастер-Лайн, с.20
- Худа Хаттаб. (2002). Справочник мусульманской женщины. Москва, с. 156-175
- Шагавиев Д.А., Нургалиев Р. (2006). Ханафитское право о женщинах. Москва, с. 8-9
- Юнейтед нейшнс публикейшн. (2014).уименс райт а хуменс райд. Нью-Йорк, Женева

### References

- Balzhigitova O.M. (2007) Polozheniye zhenshini v buddizme Indiyi, Mongiliyi I Buratyi: avto referat diss. ... kand. Chitin. gos. un-t., p. 9.
- Barbar Muhammad Abdel Rahim. (2005) Zhenshina v arabskoi culture. Sankt-Peterburg.
- Barbara Freyer Stowaser. (1994) Woman in the Quran, traditions and interpretation. New York.
- Bekirova L.S., Ilchenko I.A. (2013) Zhenshina v Islame: istiriya I sovremennost. Moscow, p.5.
- Dalay Lama XIV. (2009) Bit zhenshinoi: Psihologia. № 36, p.77.
- Fadila Grene. (2011) Islam and gender. Malaysia, p.8-9.
- Falih bin Muhammad. (2016) Al-marratul muslima. Al-Qahira.
- Haidar Bash. (2001) Prava zhenshini v islame. – Kazan: Master Line, p.20.
- Huda Hattab. (2002) Spravochnik msulmanskoj zhenshini. Moscow, p.156-175.
- Interfeld M. (2003) Zhenshini v buddizme. Moscow, p.39.
- Kieli kitap. (2010) Taurat, Zabur, Paygambarlar zhazbalari zhane Inzhil. Stanbul.
- Falih ibn Muhammad. (1975) Makanatul marra fil usratul islamiya. Al-Qahira.
- Maulana Wahiduddin Khan. (2000) Women in Islamic Shariah. New Delhi, p.147-152.
- Miranda Sho. (2001) Strastnoe prosvetlenie. Zhenshini v tantricheskome buddizme. Moscow, p.269.
- Quran Qarim. (2014) Qazaqsha sozbe soz maginasi: KMDB. Almaty.
- Qurmanbayev Q. (2012) Islamdagi adam ququktari. Almaty, p. 127.
- Saleha Fatima. (2015) The authenticity of women's witness in islam: a study in the light of al-Quran. Al-Qalam. p.98.
- Shagaviev D.A., Nurgaliev R. (2006) Hanafitskoe pravo o zhenshinah. Moscow, p. 8-9.
- Sivilova S.V. (2009) Obraz zhenshini katolisizme, provoslavii, protentazme I v islame. Moscow, p. 4-6.
- Toha Addusuki Habishi. (2010) Almarra ua hakul islamiya. Al-Qahira.
- Tomas E. (2003) Buddha. Istoriya I legendi. Moscow, p.169-170.
- United nations publication. (2014) Women's Rights are Human Right. New York and Geneva.
- Vassilis Saroglou. (2014) Religion, Personality, and Social Behavior. New York, p.122.
- Zhenshini v buddizme. (2003) Rossiskaya assosiatsiya buddistov, Shkoli Karma Kagyu. Moscow, p.3.